

«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің
2011 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 5 хаттама шешімімен бекітілді
«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы
20 ақпандағы № 1 хаттамасы
шешімімен өзгерістер енгізілді
«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы
16 қыркүйектегі № 4 хаттамасы
шешімімен өзгерістер енгізілді
«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы
28 қарашадағы № 5 хаттамасы
шешімімен өзгерістер енгізілді
«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы
27 мамырдағы № 1 хаттамасы
шешімімен өзгерістер енгізілді
Директорлар кеңесінің 2022
жылғы 30 қарашадағы № 5
хаттамасы шешімімен өзгерістер
енгізілді

**«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының
Алматы филиалы туралы
ЕРЕЖЕ**

Алматы қаласы, 2011 жыл

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының Алматы филиалының жалпы ережелері және заңды мәртебесі

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Филиал) Алматы филиалы туралы осы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және оның атауын, орналасқан жерін, өкілеттіктерін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Филиалдың толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының Алматы филиалы;
- 2) орыс тілінде: Алматинский филиал акционерного общества «Агентство «Хабар»;
- 3) ағылшын тілінде: Almaty branch of the Joint-Stock Company «Khabar» Agency».

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен 3-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен 3-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 қарашадағы шешімімен 3-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 5 хаттама

3. Филиалдың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 185 үй.

4. Филиал өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамасын, «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Филиал Қоғамның орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға мәртебесі жоқ, осы Ереже негізінде Қоғам атынан және оның мүддесі үшін әрекет ететін Қоғамның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

6. Филиалдың қоғамның жалпы балансына, банк шоттарына енгізілген балансы болады, Қоғам атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайды. Қоғамның тапсырмасы бойынша сотта Қоғамның өкілі бола алады.

7. Филиалдың өз атауы мен Қоғамның атауы жазылған мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген фирмалық бланкілері болады.

8. Филиал қызметін оны құрған Қоғамның атынан жүзеге асырады. Филиалдың қызметіне оны құрған Қоғам жауапты болады.

9. Филиал басшысын Қоғам тағайындайды және ол Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

10. Филиалдың қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. Филиалдың мақсаттары, мәні және негізгі қызмет түрлері

11. Филиал Қоғамның міндеттері мен функцияларын Филиалды құру аумағында жүзеге асыру мақсатында құрылды.

12. Филиал қызметінің мәні телерадиобағдарламаларды өндіру және тарату болып табылады.

13. Филиал мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен, № 5 хаттама.
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен 2) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен 2) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 5 хаттама
- 2) телевизиялық бағдарламалар өндірісі;
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен 3) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама
- 3) бағдарламаларды, кино-, аудио-, бейне- және басқа да өнімдерді өндіру және айналысқа жіберу (сатып алу - сату, айырбастау, прокат және т.б.);
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен 4) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 5 хаттама
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен 4) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама
- 4) бейне-, аудио өнімдеріне және басқа да зияткерлік меншік объектілеріне авторлық және сабақтас құқықтарды сатып алу;
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен 5) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 5 хаттама
- 5) Қазақстан Республикасында теле- бейне- өнімдерді өндіруге тапсырыстарды орналастыру және орындау;
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен 6) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 5 хаттама
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен 6) тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама
- 6) теледидар сигналын эфирлік, спутниктік, кабельдік, сымды, цифрлық байланыс арналары және релелік желілер арқылы жеткізу және тарату арқылы трансляциялау;
Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен 7) тармақшаға өзгеріс енгізілді,
- 7) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 5 хаттама шешімімен.
- 8) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.
- 9) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.
- 10) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.
- 11) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.
- 12) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.
- 13) жергілікті желілер желісін пайдалана отырып телекоммуникация қызметтерін қоспағанда, телекоммуникациялық, ақпараттық және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметтер көрсету;
- 14) алынып тасталды - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 5 хаттама шешімімен.

15) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

16) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

17) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

18) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

19) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

20) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

21) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

22) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

23) алынып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен.*

14. Лицензияның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынуы қажет рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлерін Филиал Қоғам тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге де түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

3. Филиалдың құқықтары мен міндеттері

15. Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады.

16. Филиалдың Қоғамның меншігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғана өндіріп алуға болатын мүлкі болады.

17. Филиал мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

18. Филиал келтірілген зиян үшін Қоғам алдында материалдық жауапкершілікте болады.

19. Филиалдың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқығы бар: *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен 19 тармақтың 1) тармақшасына өзгеріс енгізілді, № 4 хаттама*

1) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен, жеке тұлғалармен қатынастарда Қоғам мүдделерін білдіруге;

2) Қоғам атынан азаматтық-құқықтық мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасасуға, сотта талапкер және жауапкер болуға;

3) салық есептілігі, мүлікті бағалау және кірістер мен шығыстарды есепке алу мақсаттары үшін бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес бухгалтерлік есепке алу мен есептіліктің талап етілетін және қажетті құжаттамасын жүргізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Филиал орналасқан жердегі банктерде шоттардың барлық түрлерін ашуға және жүргізуге құқылы; *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен 5)*

тармақшаға өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама

5) Қазақстан Республикасының аумағында заңды және жеке тұлғаларменхат алмасуға және байланыс орнатуға;

6) ағымдағы қызметі туралы Қоғамды хабардар етуге міндетті;

7) осы Ережеге және Қоғамның тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

4. Филиалды басқару

20. Филиал қызметін жалпы басқаруды Қоғам жүзеге асырады.

21. Қоғамның Филиалды басқару жөніндегі құзыретіне мыналар кіреді:

1) оның қызметінің негізгі бағыттарын айқындау, олардың орындалуы туралы жоспарлар мен есептерді бекіту;

2) Филиал директоры мен бас бухгалтерін тағайындау және кері қайтарып алу;

3) Филиал қызметкерлерінің ұйымдық құрылымын, штаттық кестесін және лауазымдық еңбекақыларын бекіту;

4) Филиалға материалдық құралдар берудің мөлшерін, нысанын және тәртібін белгілеу;

5) Филиал шығыстарының сметасын, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша жылдық есептерді бекіту;

6) алып тасталды - *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен, № 1 хаттама*

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен 22-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама

22. Филиалдың ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғам Жарғысының және осы Ереженің мақсаттары мен міндеттеріне қатаң сәйкестікте Басқарма тағайындайтын және сенімхат негізінде әрекет ететін Филиалдың директоры жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 20 ақпандағы шешімімен 23-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 1 хаттама

23. Филиал директоры Қоғам Басқармасына есеп береді, оның алдында Филиал қызметі үшін жауап береді, осы Ережемен және Қоғамның басқа да шешімдерімен белгіленген өкілеттіктер шегінде Қоғам атынан және оның мүддесі үшін сенімхат бойынша әрекет етеді.

24. Филиал директорының өкілеттігі:

1) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге, Қоғамның Филиалдың алдына қойған міндеттерін орындауға бағытталған шешімдер қабылдайды;

2) Филиалға бекітілген мүлікті басқарады, сондай-ақ Филиалдың қаржы-шаруашылық мұқтажын төлеу үшін ақша қаражатын басқарады, Филиал активтерінің сақталуын және тиімді басқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Филиалдың ұйымдық құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныстар әзірлейді және Қоғам Басқармасына ұсынады;

4) өкілеттігі шегінде Филиалдың барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады, Филиал қызметінің барлық мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

5) штаттық кестеге сәйкес Филиал қызметкерлерін қабылдауды,

ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес көтермелеу шараларын және жазалар қолданады;

6) банктердің бөлімшелерінде Филиалдың банктік шоттарын ашады және жабады, Филиалдың чектеріне, төлем тапсырмаларына, шот-фактураларына және өзге де қаржылық құжаттарына қол қояды;

7) Қоғамның ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Филиалдың мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді;

9) мәмілелерден туындайтын Қоғам мен Филиалдың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

10) үшінші тұлғалармен келіссөздер жүргізеді, Қоғамның және Филиалдың атынан және мүддесінде шарттар жасайды, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайды;

11) шығыс құжаттарға, өтініштерге, үндеулерге және өзге де құжаттарға қол қояды;

12) мемлекеттік, сот органдарында және өзге де ұйымдарда Филиалдың мүддесін білдіреді;

13) Филиал қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

14) Қоғамның басқару органдарының шешімдеріне сәйкес өзге де әрекеттер жасайды.

25. Филиал директоры Қоғам мүлкін пайдаланбауға немесе оны Қоғамның жарғысына және Қоғамның басқару органдарының шешімдеріне қайшы келетін жағдайларда, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге тиіс;

26. Филиал директоры Қоғамның және Филиалдың қызметі туралы ақпараттың, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде құпиялылығын сақтауға міндетті.

5. Филиалдың мүлкі

27. Филиалдың мүлкі оған Қоғам бекіткен қаражаттан, сондай-ақ оның қызметі барысында сатып алынған, Қоғамның жалпы балансына кіретін ақшалай және материалдық қаражаттан құралады. Филиалдың балансында көрсетілген мүлік Қоғамның меншігі болып табылады.

6. Филиалдың есебі мен есептілігі

28. Филиал өз қызметінің нәтижелерін ескереді, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және Қоғамның есеп саясаты негізінде бухгалтерлік және статистикалық есептілік жүргізеді.

7. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметін бақылау

29. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметіне ағымдағы бақылауды Қоғамның басқару органдары тағайындайтын Қоғамның ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен 30-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 4 хаттама

30. Филиалдың қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді Қоғамның ішкі аудит қызметі, сондай-ақ сыртқы аудиторлар жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен 31-тармаққа өзгеріс енгізілді, № 4 хаттама

31. Қоғамның ішкі аудит қызметі, сыртқы аудиторлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудитке байланысты сұралатын барлық құжаттамаға және кез келген басқа ақпаратқа, есепке алу деректерінің ақпараттық базасына (бухгалтерлік есептің компьютерлік бағдарламалары және т.б.) қол жеткізуге, жүргізілетін аудит мәні бойынша жазбаша және ауызша түсіндірмелерді сұратуға және алуға құқылы.

8. Филиал қызметін тоқтату

32. Филиалдың қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

33. Филиалдың қызметін тоқтату оны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) немесе тарату жолымен жүргізіледі.

34. Филиалды қайта ұйымдастыру Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Филиалға тиесілі құқықтар мен міндеттер оның құқықтық мұрагерлеріне өтуіне әкеп соғады.

35. Филиалды тарату туралы шешім қабылдаған Директорлар кеңесі тарату комиссиясын тағайындайды және тарату мерзімдері мен тәртібін белгілейді.

36. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған Филиалдың ісін басқару жөніндегі өкілеттік көшеді. Тарату комиссиясы дебиторлар мен кредиторларды анықтайды және олармен есептеледі, Филиалдың борыштарын үшінші тұлғаларға төлеу шараларын қабылдайды, сондай-ақ Филиалды таратутуралы шешім қабылдаған орган бекітетін тарату балансын жасайды.

37. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік Қоғамға беріледі.

38. Филиалдың мүлкі несие берушілермен есеп айырысу үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қоғам олардың заңды мүлдіктік мүдделерін қанағаттандыруғаміндетті.

39. Тарату комиссиясы Қоғамға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

40. Филиалдар мен өкілдіктердің мемлекеттік тізіліміне бұл туралы тиісті жазба енгізілгеннен кейін Филиалды тарату аяқталды, ал Филиал өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

9. Қорытынды ережелер

41. Егер осы Ереженің бір ережесі жарамсыз болса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық жағынан рұқсат етілген басқа ережемен ауыстырылуы мүмкін.

42. Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтыруларды Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді, олар жазбаша ресімделеді, оларға уәкілетті тұлғалар қол қояды және есептік тіркеу немесе қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына ұсынылады және осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады.

43. Осы Ережемен реттелмеген барлық жағдайларда Филиал Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

10. Күшіне енуі

44. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет органдарында есептік қайта тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

45. Осы Ереже мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша

**«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының Алматы филиалының
директоры**

Хангельдина Кымбат Садықбековна

(аты-жөні)